




ӘДБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Әдебиеттегі заттық әлем





Мақсаты: көркем шығармадағы заттық әлемнің орны, оның маңыздылығы мен салмағы туралы жалпы ақпарат беру, айналадағы заттар мен бұйымдардың, сонымен бірге жануарлардың адам тұлғасын ашудағы қызметіне тоқталу.

Кілт сөздер: адам, бұйымдар, заттық әлем, жануарлар, әдебиет, көркем мәтін.

Жануарлар мен бұйымдар, орындар мен жалпы заттық әлем әдебиетте ерекше орын алады. Өйткені бұған дейінгі дәрісіміздің арқауы болған адам мәселесін ашуда аталмыш дүниелердің маңызы үлкен. Бір ғана зат кейде тұтас шығарманың көркемдік-эстетикалық мәнін күшейтіп, салмағын арттырып жіберуі мүмкін. Шығармадағы пейзаждың адам көңіл күйін білдіруге мәні зор екенін жақсы білесіздер. Сонымен бірге интерьерлік сипаттаулардың да адамның болмысын ашуға қызмет ететін кездері аз емес. Заттар кейде көркемдік деталь қызметін атқарса, кейде ол символдық мән арқалауы кәдік.

Біз өзіміз жасаған және өмірімізге өрнек берген материалды заттарға деген жасампаз көзқарасымызды қайта електен өткізуіміз керек. Сонымен бірге әртүрлі физикалық және био-аумақтық ортадағы мекенжайымыз жайлы да ойлануға тиіспіз. Адам мен материалды әлем арасындағы шектеу бұлыңғыр және тұрақсыз болса, онда біз адам мәртебесіне сай айқын дербес әдеби туынды жасау үшін тыныс алуға, жұтуға және шығаруға тиіспіз деген қағида бізді материалды үрдістерге енгізеді. Ол адамды табиғатпен ортақ және тату көрші болып өмір сүруге мәжбүрлейді. Дәл осылай өз қолымыздан шыққан және тұрмыста тұтынатын нәрселердің бағасы арта түседі. Өйткені олар адам өміріне өрнек беретін материалды мәдени үдерістердің бөлшегі саналады. Автокөліктер, киімдер, компьютерлер, кітаптар, жалаулар, бірыңғай формалар, қару-жарақтар, ойындар – бұлардың бәрі біз үшін маңызды және бұлармен сезім желісімен немесе әлеуметтік түрде не болмаса тұлға арқылы байланысқа түскенде мәні арта түседі. Біз оларды қалай құрасақ, олар да бізге солай ықпал етеді. Ас-ауқат біздің өміріміздегі өте маңызды нәрсенің бірі және әдетте астың да біз біле бермейтін сырлары жетеді. Жануарды тамақ үшін өлтіргенде, жұрттың көзінен тасада ұстайды. Өйткені сиырды қалай жәукемдеп, бауыздап, мүшелегенін көрсе, «гамбургер» құмарлар еттен безіп кетуі мүмкін. Антропологиялық археология адамзат пен біз «айуан» деп атайтын маймыл түрлерінің арасындағы айырманы қысқартты. Оларды Донна Харауэй «серіктес түрлер» деп атаған. Басқа жануарлардың біз сияқты ойлап, біз сияқты сезінетінін мойындау, оларды құлқын қамы үшін жаппай қырып-жоюды тоқтату қажет деген уәжді нығайтып, айуандардың да өмір сүруге қақысы бар деген ойды маздата түсті. Әдебиет пен көркем мәдениет жануар бейнесін суретке, рәміздерге, ахлақ өлшеміне, кейіпкерлерге жиі қолданады. Майк Миллстің «Бастаушылар» («Beginners») (2010) атты фильмінде терьер (ит) оқиғалар өрбуінде маңызды қызмет атқарады. Тіпті басты кейіпкерге кеңес беріп, оның жан жарасын емдейді. Кейіпкер басқалармен байланыс құруға қауқарсыз.

Материалдық мәдени бұйымдар кейіпкерлердің әдебінің өлшемі немесе ішкі психологиялық және ахлақи күйінің көрсеткіші ретінде көптеген әдеби туындыларда маңызды қызмет атқарады. Киім таптың мәртебесін көрсетеді. Әдетте жазушылар оған кейіпкердің ішкі хәлі мен күйін сипаттау үшін жүгінеді. «Ұлы Гэтсбидегі» Том Бьюкененнің шабандоз киімі өзіне құйып қойғандай жарасады. Ол бейне бір әлемді осы киіммен кезіп шыққан адам сияқты. Ал Джей Гэтсбидің қызғылт костюмінен икемді жігіт екені көзге ұрып тұр. Әрі бұл оның христиан протестанттардың салтанатты киімді ұнатпайтын мінезін де білдіреді. Қызғылт костюм – моральдық көзқарасты көрсететін киім.

Әдебиет сонымен бірге нақты бір мекендегі адам өмірін де суреттейді. Оның баяндалған әңгімелер үшін мәні зор. Уилла Кэсер «Менің Антониям» («My Antonia») атты XIX ғасырда Америкаға қоныс аударған скандинав келгіншілер жайлы қалам тербеді. Жазушы романда мекендегі мән қатпарына үңіледі. Онда бұл жердің байырғы тұрғындарының таңбасы жатыр. Жаңа толқын өлкеге ағылған сайын жаңа таңбалар қабаты да арта түседі. Еуропадан келгендер ең басынан жертөледе тұрады. Сөзбе-сөз айтқанда, апандағы аңдар сияқты жер астынан үй қазып алады. Олардың қарабайыр тіршілігі кейін Кэсерге ауылдың ізгі тұрғындары мен көңілді сарындарын қаланың тасбауырлау және есепшіл рухымен салыстыруға мүмкіндік берді. Мұнда ауыл қыздары тартымсыздау кейіпте көрінеді. Қытай Том Миевилл «Теңіз құбыжығы» («Kraken») романында Кэсерге соққы береді. Оның қаладан ауылды артық қоятын ниетін күйретеді. Тұмса



табиғатты енді мұражайдан ғана көресің. Оның мұндағы міндеті адамға насихат беру ғана. Қалада өмір мен мәдени мүмкіндіктің алуан түрі шоғырланған. Бірақ ақырында табиғат пен қала бірігіп кетеді және құндылық өлшемі ретінде біреуін екіншісінен айырып ала алмай қаласыз.

Алайда адам мен табиғаттың байланысы әрқашан сәтті өрби бермейді. Оң танымал фантаст-жазушы Терри Гудкинд дүдәмал азатшыл («libertarian») құндылықтарды негіздеуге талпынып, табиғат сипаттамасына адам элементтерін біріктіреді. Ал Жекпе-жек Клубы табиғат өркениеттен басым деген көзқарасқа негізделген фашист идеалдарын оятты және ана қамқорлығынан алшақтаған патриархалды еркек утопиясын бейнеледі. Дербес еркіндіктің гуманистік қиялы («illusion») және материядан бөліну материалды өлшемнің оң баламасы ретінде көрінеді. Бірақ өмір жайлы жаңа әрі әлдеқайда күрделі ойлау тәсілдері пайда болғандықтан, оның мәні кеміп, теріс сипат ала бастады. Материалды мәнде сипатталатын «азат» тұлғаға либералды гуманистік пікірталастарда ашу жетіспейді. Әр күн сайын біз еркін және белгісіз сипатымызға тәуелсіз, жүре отырып, әжетімізді өтейміз, яғни бір қарағанда, біз тек нәжіс фабрикасы сияқтымыз. «Санамыздың жоғары» екенін айғақтап тұрған нәрсе тек осындағы электр шамы ғана. Бірақ эволюция қағидасы біздің Гайан экожүйесінде әжетті қай жерде өтеу керектігін дұрыс көрсетуі мүмкін. Біз бұл жүйенің көзге ілінер-ілінбес бөлшегі ғанамыз. Күрделі(лік) теориясы шытырман заттардың өте қарапайым, бытыраңқы бөлшектерден құралатынын еске салады. Адам өмірін әр қырынан айқындаудың («codetermination») аса маңызды екенін білдіреді және бұл материалды үрдістердің ықтимал, кездейсоқ, болжалсыз сипатының терең мәнін де көрсетеді. Бұл бізге де қатысты.

Біз осы оқулықта талдайтын ұлы туындылардың көбісі қайғы-қасіретпен аяқталады. Құдды бір жазушылар гуманистік қиялға көзсіз сене бермеңдер деп қайта-қайта ескертіп тұрған тәрізді. Шекспирдің «Лир патшасы» күрделі адамзат өркениетінің ырықсыз және бытыраңқы эгоизмімен күреседі. Ал Фицджеральдтың «Ұлы Гэтсби» негізінен адамның коммерция әлемінде қатаң сезіммен шарпысқан талпынысын бейнелейді. Алиса Манро шығармаларының соңын сәтсіз оқиғамен күрмеуден жүрексінебейді. Ол өз әңгімелерінде өмірдің күрделі материалды мәніне қайта-қайта зер салады. Өмір либерал гуманизмнің үміт пен жаңғыру қағидасына сәйкес келмейді. Гуманизм «тұлғаны» барынша дәріптесе де, ол тіршілікпен үйлеспейді. Өйткені өмір күтпеген жерден арнасынан адасып кетеді. Күтпеген жерден жүрісінен жаңылып қалады. Келешекте қалай өрбитініне ешкімнің де ақылы жетпейді. Манроның оқырмандарға жиі қоятын сауалы: «Демек сіз бақыттымын деп ойлайсыз, солай ма?» Оның әңгімелерінде автокөлік әрқашан жолдан шығып кетуі мүмкін. Себебі «адам» шын мәнінде бақылаусыз әлем.

Уильям Шекспирдің «Лир патшасынан» мысал келтірейік. Алдымен пьесадағы адам мәселесіне тоқталайық. Оқиға орны салтанатты патша сарайынан лашыққа дейінгі аймақты қамтиды. Сарайды салт-дәстүр, парыз қағидасы мен қызыл сөз жайлаған. Ал лашықта адамның «асыл текті» мәртебесінің құны көк тиын. Адамдар жалаңаш жануарларға айналған. Кейіпкерлердің мазасыз әрекеті осы екі маңызды мекенде өтеді. Мұнда адам үйреншікті табысты өмірін сүре алмайды. Оның мұқият және маңғаз мінезі құрдымға кетеді. Бұл өмірде адамдар еншісіне жазылған міндетін орындап, меншікті мінез-құлық ережесіне мойынсұнуы тиіс. Ағыл-тегіл сезім тасқынына жол бермеуі керек. Бірақ сарай мен жапан түзде өтетін оқиғалар кезінде бұл қағидалар күйрейді. Мызғымас ережелер бұзылады. Ашу-ыза, кек, ұят, тіпті ұрып-соғу, қиянат сезімдері бас көтереді. Лир патшаға тән қандай да бір ерекше қасиеті жоқ (әрине, киген киімінен де байқалмайды), мәнсіз, алжыған кейіпте көрінсе, оның елсіз далада да қатаң қағиданы сақтауы материалды әлемді меңзейді. Жапан түзде сарайдың дәстүрлі мәдениеті орнатқан әлеуметтік бірегей қасиеттер жоғалып кетеді. Боямасыз таза құбылыстардың мәні артады. Өйткені заттың шынайы тегі бір-бірінен бөлектенбейді. Бәріміз бір-бірімізге ұқсаймыз, дегенмен екіге жарылып өмір сүреміз. Жапан түздегі есер әрекеттерге ой жіберіңіз. Лир өзінің патша екенін әйгілейтін тәжі мен тағынан түгел айрылған. Ол жалаңаш Эдгарды «өн бойында лыпа жоқ, екі аяқты хайуанның нақ өзі» деп атайды. Философ Агамбен Фуконың ізімен оларды «жалаңаш өмірдің», адамның лыпасыз тәнінің мысалы ретінде сипаттар еді. Ал өз азаматтарына қиянат жасау үшін айрықша мәртебеге ұмтылған тәуелсіз билік адамның құнын төмен түсіріп жіберді. Материя либералды гуманистік идеологияда бізді адам қылып тұрған қасиеттердің жоғалуымен байланысты. Адам айуаннан ерекшеленуі керек және «Адам» киелі дейтін гуманистік ілім бойынша салт-дәстүріміз расымен де бізді айуаннан даралап тұр. Бірақ материя бұл ерекшеліктер мен айырмашылықты



күйретеді. Ол бізді біртұтас қылады. Эдмунд та «адамның бәрі бірдей» деп сенеді. Материя белгілі бір тәртіпті жоққа шығарады және адамзаттың әлемге ендірген жүйесін мойындамайды. Енді пьесаға күрделі(лік) қағидасымен қарайық. Шымылдық ашылысымен, сіз әрі қарай не боларын білмейсіз. Әрине, бұл Шекспирге тән тәсіл. Оның көздеген мәні де осы. Король Лирді әрі пьеса, әрі тұлға ретінде тап басып тану қиын. Бойын ашу билеген кезде апатқа ұрынуы мүмкін. Күтпеген жерден шарасынан асып, адамға тән мінезінен айрылуы кәдік. Сөйтіп басқалармен байланысын үзіп алуы да әп-сәтте. Пьеса көмескі хәлде басталады. Лирдің қыздарын кімге күйеуге беретінін ешкім білмейді. Бірақ бір нәрсе анық. Лир шешім қабылдады. Ол адамның оқиғаның тағдырын шешуге еркі бар екенін көрсетеді. Адамның ерік-жігер идеалын танытады. Бірақ кез келген нәрседен тәуелсіз. Ол билеуші, адамдардың болашақ тағдыры соның қолында. Пьеса осы желілі оқиға тізбегін басқа арнаға бұрып жібереді. Сюжет желісі күтпеген жерден өзгереді. Лир қыздары «сыйға – сый, сыралғыға – бал» береді деп жаңсақ ойлайды. Ол жерін қыздарына еншіге үлестіреді. Қыздары қарымтасына үстіне үй тігіп, алдына ас қойып, өзін өлгенше әлпештеп бағады деп күтеді. Бірақ өмір тегіс бір желімен жүрмейді. Дәл солай, жәй нәрсенің өзі қиынға соғуы мүмкін. Алда не болатынын ешкім айқын білмейді. Келешек кездейсоқ жайттарға толы. Басынан бастап Лирдің отбасынан біз мынадай бұлыңғыр нәрсені байқаймыз. Бұл әділетсіз биліктің арты неге апарып соқтыратыны. Бұған Лирдің өзі кінәлі. Ол алдында өзі сияқты менмен және пасық Лирлердің (қыздары) тұрғанын байқайды. Олар да өз тағдырын өздері билегісі келеді (әкелері сияқты). Осы аумалы-төкпелі сәт бастапқы қалыпты оқиғадан өрбіп, барынша бұлыңғыр, кездейсоқ және көмескі жағдайға жеткізеді. Лирдің үш ұйықтаса түсіне кірмеген жайттар басынан өтеді. Ізгі әрі адал билеуге ант берген қыздары бетперделерін шешеді. Опасыз әрі сенімсіз отбасы өсіп шығады және намыс емес табысқа құрылған, салт-дәстүрді сақтауды емес, пайда мен ардан аттауды көздейтін жанұяның ақыры немен аяқталары мәлім. Беташар көріністе осы өте шиеленісті сәттің көмескі көрінісі қылаң береді. Әсіресе бұл Лирдің өзіне қалтқысыз берілгендерді қудалауынан байқалады. Ол адал жандарды сатып кетеді және өз әлемінен қуып жібереді. Осылайша, әлбетте, ол Гонерилья мен Реганаға үлгі көрсетеді. Қос қызының зұлым ниетіне жол ашып береді. Лир өз-өзіне ор қазады. Әрине, бұл трагедия жанрының мәнін ашады. Әрі бұл пьесаның қабілет пен қауқарсыз күй жайын да қозғайтынын білдіреді. Лир дәрменсіз жан. Мұны басқалар білсе де, өзі мойындағысы келмейді. Ол ашу-ызаға берілгіш, жаңсақ ойға бейім және өте ұшқары әрекет етеді. Оның ақылынан алжасуы әрдайым дәрменсіз күйде өмір сүргеніне дәлел. Дегенмен патша Кент пен Сайқымазақ сияқты қос нөкерінің ақылымен билеп келген. Адамның мүгедек не төрт мүшесі түгел екенін дене пішініне қарап білесің. Лирдің тәні сау болса да, жанын дерт шалған. Ол ақымақтығынан әрі біреудің жанына жара салады, әрі өзін де отқа ұрады. Бұл норма мен ауытқу арасындағы дәстүрлі қайшылықтан гөрі әдеп психологиясы мәселесіне көбірек келеді.

Ал Фицджеральдтың романы біздің түрлі жануарлар арасында өмір сүріп жатқанымызды еске салады. Біз оларды меншіктеп, қажетімізге жаратамыз. Сонымен бірге тұрмысымыздағы материалды заттардың да біз үшін маңызы зор. Олар біздің тұлғамызды танытады. Біздің заттарға деген көзқарасымыз өзіміз бағалайтын әлемнен сыр шертеді. Рухани тұрғыда әлемге берген бағамыз біздің ахлақи сипатымыз бен мінез-құлқымызды танытады.

Романда суреттелген жылқы, қой мен иттердің әрқайсысы бір-бірінен әлеуметтік сипатымен ерекшеленеді. Және әрбірі адамдарды әртүрлі кейіпте бейнелейді. Том Бьюкененнің ескі өмір салты жасанды қылығын әшкерелейді. Оған Томның колледждегі ат полюсы (шөген) командасын меншіктеуі мысал бола алады. Фицджеральд кейін романда Гэтсбидің мәртебе кедергісіне ұшырауын сипаттағанда, Том мен оның кейбір байшыкеш достарына қарсы қояды. Олар сауық құрып, Лонг-Айлендтегі иеліктерінің айналасында атпен желдіртіп жүреді. Томның бай досы Слоун атқа қалай әмірін жүргізсе, қыз құрбысының да еркін солай билейтін тәрізді. Бұл байланыс Томның әйелі Дэйзимен ұқсастығын меңзейді. Дэйзи бұл сәтте көрінбейді. Том да оны солай меншіктеп, билеп-төстейді. Гэтсбидің ғана аты жоқ. Жаңа байығандықтан, Гэтсби олардың жанында көлігімен жүргісі келеді. Бұл оның жеке басы мен жағдайын білдіреді. Оған байлықтың кейін біткені осыдан көрінеді. Гэтсбиге ақша мұраға қалмаған. Ол адамдарға көрсету үшін үлкен сауық кештерін ұйымдастырады (Том тәрізді атасынан байлық ауысқан жандар ешқашан бұлай істемес еді). Бірақ ол ат сатып алсам, ескі байлар әлемімен арадағы әлеуметтік кедергілер күйрейді деп ешқашан ойламаған. Егер ол шынымен де ауқаттылар табына жатса, күнде атқа мініп, көңіл көтеруге құқы бар екенін және қоршаған әлемге билігін жүргізе алатынын



дәлелдер еді. Бірақ Гэтсбидің Слоунмен еріп жүруге аты болмауы шын мәнінде Фицджеральдтің құндылықтар өлшеміне айтқан мадағын білдіреді. Атқа ынтасы болмаса, демек, ол басқаларды билеп-төстеуден, жонына жабысудан ләззат алатын жандардан ерекше деген сөз. Томның атта шіреніп отыруы оның өз мақсаты үшін қызметшілерін қалай жұмсайтынын тұспалдайды.

Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, айналамыздағы заттар мен бұйымдардың, жан-жануарлар мен кеңістіктің көркем мәтіндегі адам бейнесін тереңірек тануға, оның болмысын ашып, бітімін айқындауға келгенде мәні үлкен.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Заттық әлемнің шығарманың поэтикалық салмағын арттырудағы қызметіне тоқталыңыз. Нақты мысалдармен пікір білдіріңіз.
2. Әдебиеттегі кеңістік мәселесін түсіндіріп беріңіз. Кеңістіктің қандай түрлері бар?
3. Көркем шығармада деталь қызметін атқарып тұрған заттық әлемнен нақты мысалдар келтіріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Әдебиет танытқыш // Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т.І: – 384 б.
2. Әдебиеттануға кіріспе: Жоғары оқу орындарының филол. фак. студ. арналған оқу құралы / Құраст. Серік Мақпыров. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 184 б.
3. Майтанов Б.Қ. Пейзаждың көркемдік семантикасы / Майтанов, Бақытжан Қауасханұлы; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2010. – 108 б.